

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 қыркүйектегі N 962 қаулысы. Қаулының 3-тармағын қоспағанда күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 387 қаулысымен

Қ о л д а н у ш ы л а р д ы ң н а з а р ы н а !

Осы Қаулының 3-тармағын қоспағанда күші жойылды – ҚР Үкіметінің 2008.04.24 N 387 (қолданысқа енгізілу тәртібін 10-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1119 қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.01. N 314 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті құрылсын.

4. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қаңтардағы N 48 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 2, 20-құжат) 1-тармағының;

2) "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қаржы бақылау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 маусымдағы N 674 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 19, 204-құжат) 2-тармағының күші жойылды деп танылсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізісін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң